

Құрметті докторанттар!

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы ведомствоаралық комиссияның шешімі, Бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №68 қаулысы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұсыныстары негізінде «Тұран» университеті 2020-2021 оқу жылының 2 семестріндегі оқу процесі келесі форматта ұйымдастырады:

1-ші курс докторанттары үшін 2020-2021 оқу жылының көктемгі семестрінде оқудың барлық бағыттары бойынша оқу процесін ұйымдастыру аралас оқыту форматында болады (онлайн, санитарлық шараларды және 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтаған жағдайда – күндізгі форматта).

Оқу процесі **университет кампусында** санитариялық-эпидемиологиялық режимді (бұдан әрі - СЭР) сақтай отырып ұйымдастырылады:

- ✓ Дезинфекциялық туннель арқылы өту;
- ✓ Кіре берісте температураны өлшеу;
- ✓ Әлеуметтік қашықтықты сақтау;
- ✓ Аудиториялар мен қызметтік бөлмелерді тұрақты кварцтеу;
- ✓ Маска режимін қамтамасыз ету және т.б.

Университет кампусының аудиторияларындағы сабақтар академиялық күнтізбеге сәйкес **2021 жылғы 25 қаңтардан** басталады.

Сабақ кестесі корпоративтік сайтта орналастырылады және **2021 жылғы 16 қаңтардан** кешіктірмей эдвайзерлер корпоративтік пошталарыңызға жібереді.

2-ші және 3-ші курс докторанаттары үшін академиялық саясат пен академиялық күнтізбе негізінде докторанттар теориялық оқуын (қажет болған жағдайда) қашықтықтан және аралас оқыту форматтарында жалғастырады және ҒЗЖ орындау, олардың жеке жоспарларына сәйкес қорытынды аттестаттаудан өтуі үшін жағдай жасалынады.

Назар аударыңыз, оқу процесі еліміздегі және Алматы қаласындағы санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға тікелей байланысты.

«Тұран» университеті сізді академиялық процестегі барлық өзгерістер туралы хабардар ететін болады.